

<p>Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт № 76 23.01.2018 ж.</p>	<p>Договор о государственных закупках товаров № 76 23.01.2018 г.</p>
<p>Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының "Каспий жылу, су арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Шапқан Б.М. атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын «Корпорация Ер-Қосай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін басшысы Маратов Б.М., екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39 бап, 3 тармағының 4 тармақшасы негізінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:</p>	<p>Государственное коммунальное предприятие "Каспий жылу, су арнасы" Управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Мангистауской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает директор Шапқан Б.М., действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью «Корпорация Ер-Қосай», именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает директор Маратов Б.М., действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на пп.4 п. 3. ст. 39 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:</p>
<p>1. Шарттың мәні</p>	<p>1. Предмет договора</p>
<p>1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.</p>	<p>1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.</p>
<p>1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ: 1) осы Шарт; 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша); 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).</p>	<p>1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно: 1) настоящий Договор; 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1); 3) техническая спецификация (Приложение 2).</p>
<p>2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары</p>	<p>2. Сумма Договора и условия оплаты</p>
<p>2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 1 584 675 (бір миллион бес жүз сексен төрт мың алты жүз жетпіс бес тенге) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.</p>	<p>2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 1 584 675 (один миллион пятьсот восемьдесят четыре тысячи шестьсот семьдесят пять тенге) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее – сумма Договора).</p>
<p>2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару іс жүзінде арқылы жүргізеді</p>	<p>2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика по факту не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.</p>
<p>2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.</p>	<p>2.3 Объем поставляемых Товаров, в количественном и стоимостном выражении оговорен в Приложении 1 к Договору.</p>
<p>2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар: 1) қол қойылған Шарт; 2) жүкқұжат 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері); 4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;</p>	<p>2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате: 1) подписанный Договор; 2) накладная; 3) акт(ы) приема-передачи товара(ов); 4) счет-фактура с описанием, указанием количества, цены единицы и общей суммы поставленных товаров, предоставленная Поставщиком Заказчику;</p>
<p>3. Тараптардың міндеттемелері</p>	<p>3. Обязательства Сторон</p>
<p>3.1 Өнім беруші мыналарға: 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге; 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге; 3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да</p>	<p>3.1 Поставщик обязуется: 1) обеспечить полное и надлежащее исполнение взятых на себя обязательств по Договору; 2) при исполнении своих обязательств по Договору обеспечить соответствие товаров требованиям, указанным в Приложении 2 к Договору (техническая спецификация), являющемся неотъемлемой частью Договора; 3) обеспечить упаковку Товаров, способную предотвратить их от повреждения или порчи во время перевозки к конечному пункту назначения. Упаковка должна выдерживать, без каких-</p>

<p>бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;</p> <p>4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;</p> <p>5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;</p> <p>6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;</p> <p>7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.</p>	<p>либо ограниченный, интенсивную подъемно-транспортную обработку и воздействие экстремальных температур, соли и осадков во время перевозки, а также открытого хранения. При определении габаритов упакованных ящиков и их веса необходимо учитывать отдаленность конечного пункта доставки и наличие мощных грузоподъемных средств во всех пунктах следования Товаров;</p> <p>4) не раскрывать без предварительного письменного согласия Заказчика содержание технической документации, представленной Заказчиком или от его имени другими лицами, за исключением того персонала, который привлечен Поставщиком для исполнения условий Договора. Указанная информация должна предоставляться этому персоналу конфиденциально и в той мере, насколько это необходимо для исполнения обязательств;</p> <p>5) без предварительного письменного согласия Заказчика не использовать какие либо вышеречисленные документы и информацию, кроме как в целях реализации Договора;</p> <p>6) по первому требованию Заказчика предоставлять информацию о ходе исполнения обязательств по Договору;</p> <p>7) возмещать Заказчику в полном объеме причиненные ему убытки, вызванные ненадлежащим выполнением Поставщиком условий Договора, и/или иными неправомерными действиями;</p>
<p>3.2 Өнім беруші:</p> <p>1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;</p> <p>2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.</p>	<p>3.2 Поставщик вправе:</p> <p>1) требовать от Заказчика оплату за поставленный Товар по Договору;</p> <p>2) на досрочную поставку Товара, указанного в Приложении №1 к Договору, заранее согласовав с Заказчиком сроки поставок.</p>
<p>3.3 Тапсырыс беруші:</p> <p>1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;</p> <p>2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;</p> <p>3) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді;</p> <p>4) Өнім берушінің уәкілетті өкіліне сенімхат болмаған жағдайда, курьерлік қызмет, жүргізушілер және т.б. арқылы жіберілген өнімді Тапсырыс беруші қабылдамауға құқылы.</p>	<p>3.3 Заказчик обязуется:</p> <p>1) обеспечить доступ специалистов Поставщика для поставки Товаров;</p> <p>2) при выявлении несоответствий или недостатков Товара незамедлительно письменно уведомить Поставщика;</p> <p>3) произвести оплату в порядке и сроки, установленные настоящим Договором;</p> <p>4) Заказчик вправе не принимать товар без доверенности уполномоченного лица Поставщика, отпрвленного, через курьерскую службу.</p>
<p>3.4 Тапсырыс беруші:</p> <p>1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге.</p>	<p>3.4 Заказчик вправе:</p> <p>1) проверять качество поставленного Товара.</p>
<p>4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру</p>	<p>4. Проверка Товаров на соответствие технической спецификации</p>
<p>4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.</p>	<p>4.1 Заказчик или его представители могут проводить контроль и проверку поставленных товаров на предмет соответствия требованиям, указанным в технической спецификации (приложение 2 к Договору). При этом все расходы по этим проверкам несет Поставщик. Заказчик должен в письменном виде своевременно уведомить Поставщика о своих представителях, определенных для этих целей.</p>
<p>4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.</p>	<p>4.2 Товары, поставляемые в рамках настоящего Договора, должны соответствовать или быть выше стандартов, указанных в технической спецификации</p>
<p>4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қолданады.</p>	<p>4.3 Если результаты поставленных товаров при проверке будут признаны не соответствующими требованиям технической спецификации (приложение 2 к Договору), Поставщик принимает меры по устранению несоответствий требованиям технической спецификации, без каких-либо дополнительных затрат со стороны Заказчика, в течение 1 (одного) рабочего дня с момента проверки.</p>
<p>4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін</p>	<p>4.4 Проверка товаров на соответствие технической</p>

<p>тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік акпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.</p>	<p>спецификации может проводиться на территории Поставщика или его субподрядчика (ов), в месте доставки и (или) в конечном пункте назначения товаров. Если они проводятся на территории Поставщика или его субподрядчика (ов), инспекторам Заказчика будут предоставлены все необходимые средства и оказано содействие, включая доступ к чертежам и производственной информации, без каких-либо дополнительных затрат со стороны Заказчика.</p>
<p>4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.</p>	<p>4.5 Ни один вышеуказанный пункт не освобождает Поставщика от других обязательств по Договору.</p>
<p align="center">5. Тауарларды жеткізу және құжаттама</p>	<p align="center">5. Поставка Товаров и документация</p>
<p>5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жүкқұжат түпнұсқасы 2 (екі) данада; 2) шот-фактуралардың түпнұсқасы 2 (екі) данада; 3) Тауар қабылдау актісінің түпнұсқасы 2 (екі) данада; 4) акпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері; 5) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі; 6) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты. 	<p>5.1 Поставщик обязан предоставить представителю Заказчика в пункте назначения Товара, следующие документы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оригинал накладной в 2 (двух) экземплярах; 2) оригинал счета-фактуры в 2 (двух) экземплярах; 3) оригинал Акта приемки Товара в 2 (двух) экземплярах; 4) оригиналы или нотариально заверенные копии заводского сертификата качества и/или технического паспорта Товара, выданного заводом-изготовителем (отправителем), или иной документ, выданный заводом-изготовителем, содержащий сведения о комплектности Товара, его технической характеристике, правилах эксплуатации, гарантии и другие сведения, необходимые для определения качества Товара и его соответствия нормативно-техническим документам, признанным в Республике Казахстан за исключением случаев, когда информация указана на самом Товаре и/или его упаковке либо качество Товара подтверждается штампом предприятия-изготовителя или другим обозначением на самом Товаре и/или его упаковке с расшифровкой указанных обозначений; 5) копия документа об оценке соответствия Товара (сертификата соответствия/декларации о соответствии/свидетельства о государственной регистрации), заверенная поставщиком, за исключением Товаров, не подлежащих обязательно подтверждению соответствия; 6) гарантийный (обязательство) сертификат Изготовителя или Поставщика (при необходимости).
<p>5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.</p>	<p>5.2 Право собственности на Товар и все связанные с этим риски, включая риск случайной гибели, утраты или повреждения Товара, переходят к Заказчику с момента подписания Сторонами акта приема-передачи товара. С этого момента в течение 14 (четырнадцати) календарных дней Поставщик принимает от Заказчика претензии, связанные с дефектами Товара, которые не могли быть обнаружены при приемке Товара.</p>
<p>5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.</p>	<p>5.3 Поставка считается поставленной при условии полной передачи Поставщиком Заказчику Товара в точном соответствии требованиям, указанным в технической спецификации (приложение 2 к Договору).</p>
<p>5.4 Тапсырыс берушіден өтінімді алған күннен бастап және өнімді жеткізу мерзімі 1 (бір) жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады.</p>	<p>5.4 Срок поставки в течении 1 (одного) рабочего дня после получения заявки от Заказчика.</p>
<p align="center">6 Кепілдік. Сапа</p>	<p align="center">6 Гарантии. Качество</p>
<p>6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ, ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.); 2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне; 3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді. 	<p>6.1 Поставщик гарантирует, что Товар, поставляемый в рамках настоящего Договора является:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) качественным и соответствующим требованиям нормативных документов (ГОСТ, СТ, ОСТ, ТУ, технический регламент и др.); 2) новым, неиспользованным, в заводской упаковке, свободным от каких-либо дефектов в материале и исполнении; 3) свободным от любых прав и притязаний третьих лиц, которые основаны на промышленной и (или) другой интеллектуальной собственности.
<p>6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған</p>	<p>6.2 В случае обнаружения недопоставки Товара, согласно перечню закупаемых товаров и технической спецификации, указанному в приложениях к настоящему Договору, или</p>

<p>немесе жеткізілген Тауарда орананы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.</p>	<p>обнаружения в поставленном Товаре каких-либо скрытых заводских дефектов на момент вскрытия упаковки, или, если качество Товара не полностью соответствует техническим условиям изготовления, Заказчик в двадцатидневный срок составляет рекламационный акт, а Поставщик в течение 14 (четырнадцать) календарных дней и за свой счет заменяет Товар новым.</p>
<p>6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезен Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.</p>	<p>6.3 Гарантийный период для поставляемого Товара определяется в 12 (двенадцать) календарных месяцев со дня поступления Товара на склад Заказчика. Гарантийный срок для замененного или отремонтированного Товара начинается с момента замены на новый Товар. Все расходы по устранению, замене дефектов Товара, в том числе связанные с таможенной очисткой, также несет Поставщик. В том случае, если задержка в устранении возникших дефектов будет происходить по вине Поставщика, то гарантийный срок продлевается на соответствующий период времени.</p>
<p>7. Тараптардың жауапкершілігі</p>	<p>7. Ответственность сторон</p>
<p>7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.</p>	<p>7.1 В случае невыполнения или ненадлежащего выполнения Сторонами своих обязательств в рамках настоящего Договора все споры и разногласия разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.</p>	<p>7.2 За исключением случаев секвестра и/или недостаточности денег на контрольном счете наличности соответствующих бюджетов, если Заказчик не выплачивает Поставщику причитающиеся ему средства в сроки, указанные в Договоре, то Заказчик выплачивает Поставщику неустойку (пеню) по задержанным платежам в размере 0,1% (ноль целых один) от причитающейся суммы за каждый день просрочки. При этом общая сумма неустойки (пени) не должна превышать 10 % от общей суммы Договора.</p>
<p>7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.</p>	<p>7.3 В случае просрочки сроков поставки Товара Заказчик удерживает (взыскивает) с Поставщика неустойку (штраф, пеню) в размере 0,1 % от общей суммы договора за каждый день просрочки в случае полного неисполнения поставщиком обязательств либо удерживает (взыскивает) неустойку (штраф, пеню) в размере 0,1 % от суммы неисполненных обязательств за каждый день просрочки в случае ненадлежащего исполнения (частичного неисполнения) обязательств. При этом общая сумма неустойки (штрафа, пени) не должна превышать 10 % от общей суммы Договора.</p>
<p>7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.</p>	<p>7.4 В случае отказа Поставщика от поставки Товара, или просрочки поставки Товара на срок более одного месяца со дня истечения срока поставки Товара по Договору, но не позднее срока окончания действия Договора, Заказчик имеет право расторгнуть настоящий Договор в одностороннем порядке с взысканием с Поставщика суммы неустойки (штрафа, пени) в размере 0,1 % от общей суммы Договора за каждый день просрочки.</p>
<p>7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.</p>	<p>7.5 Уплата неустойки (штрафа, пени) не освобождает Стороны от выполнения обязательств, предусмотренных настоящим Договором.</p>
<p>7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.</p>	<p>7.6 Если любое изменение ведет к уменьшению стоимости или сроков, необходимых Поставщику для поставки товаров по Договору, то цена Договора или график поставок, или и то и другое соответствующим образом корректируется, а в Договор вносятся соответствующие поправки. Все запросы Поставщика на проведение корректировки должны быть предъявлены в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня получения Поставщиком распоряжения об изменениях от Заказчика.</p>
<p>7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.</p>	<p>7.7 Поставщик ни полностью, ни частично не должен передавать кому-либо свои обязательства по настоящему Договору.</p>


8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары	8. Срок действия и условия расторжения договора
8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2018-12-31 дейін қолданылады.	8.1 Договор вступает в силу со дня подписания и действует по 2018-12-31 года.
8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.	8.2 Заказчик может в любое время в одностороннем порядке отказаться от исполнения условий Договора, направив Поставщику соответствующее письменное уведомление, если Поставщик становится банкротом или неплатежеспособным. В этом случае отказ от исполнения условий Договора осуществляется немедленно, и Заказчик не несет никакой финансовой обязанности по отношению к Поставщику при условии, если отказ от исполнения условий Договора не наносит ущерба или не затрагивает каких-либо прав на совершение действий или применение санкций, которые были или будут впоследствии предъявлены Заказчику.
8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп: 1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса; 2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.	8.3 Без ущерба каким-либо другим санкциям за нарушение условий Договора Заказчик с учетом требований пункта 7.4. настоящего Договора может расторгнуть настоящий Договор полностью или частично, направив Поставщику письменное уведомление о невыполнении обязательств: 1) если Поставщик не может поставить Товары в сроки, предусмотренные Договором, или в течение периода продления настоящего Договора, предоставленного Заказчиком; 2) если Поставщик не может выполнить свои обязательства по Договору.
8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс: 1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы; 2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету; 3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;	8.4 Договор о государственных закупках должен содержать условие о его расторжении на любом этапе в случае выявления одного из следующих фактов: 1) выявления нарушения ограничений, предусмотренных статьей 6 Закона в отношении закупки, на основании которой заключен данный Договор; 2) оказания организатором государственных закупок содействия Поставщику, не предусмотренного Законом; 3) установления уполномоченным органом факта заключения договора о государственных закупках с нарушением законодательства Республики Казахстан о государственных закупках, за исключением договоров о государственных закупках, по которым обязательства исполнены надлежащим образом.
8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны талаптардың келісімі бойынша бұзуға болады. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.	8.5 Договор может быть расторгнут по соглашению сторон, в случае нецелесообразности его дальнейшего исполнения. Когда Договор аннулируется в силу вышеуказанного обстоятельства, Поставщик имеет право требовать оплату только за фактические затраты, связанные с расторжением по Договору, на день расторжения.
9. Хабарлама	9. Уведомление
9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс арқылы жіберіледі.	9.1 Любое уведомление, которое одна сторона направляет другой стороне в соответствии с Договором, высылается оплаченным заказным письмом или по телеграфу, телексу, факсу, телефаксу.
9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.	9.2 Уведомление вступает в силу после доставки или в указанный день вступления в силу (если указано в уведомлении) в зависимости от того, какая из этих дат наступит позднее.
10. Форс-мажор	10. Форс-мажор
10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.	10.1 Стороны не несут ответственность за неисполнение условий Договора, если оно явилось результатом форс-мажорных обстоятельств.
10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.	10.2 Поставщик не несет ответственность за выплату неустоек или расторжение Договора в силу неисполнения его условий, если задержка с исполнением Договора является результатом форс-мажорных обстоятельств.
10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы	10.3 Для целей Договора «форс-мажор» означает событие, неподвластное контролю Сторон, и имеющее непредвиденный

оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.	характер. Такие события могут включать, но не исключительно: военные действия, природные или стихийные бедствия и другие.
10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.	10.4 При возникновении форс-мажорных обстоятельств Поставщик должен незамедлительно направить Заказчику письменное уведомление о таких обстоятельствах и их причинах. Если от Заказчика не поступает иных письменных инструкций, Поставщик продолжает выполнять свои обязательства по Договору, насколько это целесообразно, и ведет поиск альтернативных способов выполнения Договора, не зависящих от форс-мажорных обстоятельств.
11. Даулы мәселелерді шешу	11. Решение спорных вопросов
11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.	11.1 Заказчик и Поставщик должны прилагать все усилия к тому, чтобы разрешать в процессе прямых переговоров все разногласия или споры, возникающие между ними по Договору или в связи с ним.
11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.	11.2 Если после таких переговоров Заказчик и Поставщик не могут разрешить спор по Договору, любая из сторон может потребовать решения этого вопроса в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
12. Өзге де шарттар	12. Прочие условия
12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.	12.1 Налоги и другие обязательные платежи в бюджет подлежат уплате в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан.
12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.	12.2 Любые изменения и дополнения к Договору совершаются в той же форме, что и заключение Договора.
12.3 . Өнім берушінің тандауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге: 1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде; 2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда; 3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша; 4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.	12.3 Внесение изменений в заключенный Договор при условии неизменности качества и других условий, явившихся основой выбора поставщика, допускается: 1) в части уменьшения либо увеличения суммы Договора, связанной с уменьшением либо увеличением потребности в объеме поставляемых Товаров, при условии неизменности цены за единицу товаров, указанных в Договоре; 2) в случае, если Поставщик в процессе исполнения заключенного с ним Договора предложил при условии неизменности цены за единицу товаров более лучшие качественные и (или) технические характеристики либо сроки и (или) условия поставки товаров; 3) по взаимному согласию Сторон в части уменьшения цены на товары и соответственно суммы Договора; 4) в части изменения срока исполнения Договора о поставке товара в случае, если поставщик является товаропроизводителем поставляемого товара. Такое изменение заключенного договора допускается в пределах текущего финансового года по уведомлению поставщика на срок не более десяти рабочих дней.
12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.	12.4 Передача обязанностей одной из Сторон по Договору допускается только с письменного согласия другой Стороны.
12.5 Шарт жасалған бірдей заңды күшіне ие казак және орыс тілінде жасалды.	12.5 Договор составлен на казахском и русском языке, имеющих одинаковую юридическую силу.
12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.	12.6 В части, неурегулированной Договором, Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан.
13. Тараптардың заңды мекен-жайы, төлем ревизиттері және қолдары	13. Юридические адреса, банковские реквизиты и подписи сторон
Тапсырыс беруші/Заказчик: Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Ақтау қ., 22 ш/а ЖСК KZ74914398413BC02995 СТН 430600001780 БСК SABRKZKA БСН 921240000209 «Жинак банкі» АҚ тел.: 8(7292) 60-53-18	Өнім беруші/Поставщик «Корпорация Ер-Косай» ЖШС Мекен-жайы: ҚР, Ақтау қаласы, 28-22-45 БСН 180140005346 БСК IRTYKZKA ЖСК KZ3296511F0007387408 «Fortebank» АҚ тел.: 8/701/478-91-91


факс: 8(7292) 60-53-19

Государственное коммунальное предприятие «Каспий
жылу, су арнасы» Управления энергетики и жилищно-
коммунального хозяйства Мангистауской области
г. Актау, 22 мкр.
ИИК KZ74914398413BC02995
РНН 430600001780
БИК SABRKZKA
БИН 921240000209
Филиал БД АО «Сбербанк» г. Актау
тел.: 8(7292) 60-53-18
факс: 8(7292) 60-53-19

ТОО «Корпорация Ер-Косай»
Адрес: РК, г.Актау, 28-22-45
БИН: 180140005346
БИК IRTYKZKA
ИИК KZ3296511F0007387408
АО «Fortebank»
тел.: 8/701/478-91-91



Б.М. Шапқан



Б.М. Маратов

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Шарт бойынша тауарлардың жеткізу жұмыстары орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Құбыр	болат	МЕМСТ 8732-78 Д-76x5мм болат құбыр	Метр	500	3169,35	Тапсырыс берушідегі өтініш алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қы, 22 ш/а, «Каспий жылу, су арнасы» МКК қоймасы	0	1 584 675

«КЖСА» МКК



«Корпорация Ер-Қосай» ЖШС



Перечень закупаемых товаров (работ/услуг)

№ лота	Наименование заказчика	Наименование	Краткая характеристика	Дополнительная характеристика	Единица измерения	Количество, объем	Цена за ед., тенге	Срок поставки по договору	Места поставки	Размер авансового платежа %	Общая сумма, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Государственное коммунальное предприятие «Каспий жылу, су арнасы» Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Мангистауской области	Труба	стальная	Труба стальная Д-76х5мм ГОСТ 8732-78	Мстр	500	3169,35	В течение 1-го рабочего дня после получения заявки от Заказчика	Мангистауская область, г. Актау, 22 мкр., склад ГКП ««Каспий жылу, су арнасы»»	0	1 584 675

ГКП «КЖСА»



ТОО «Корпорация Ер-Қосай»



Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі

Сатып алудың атауы	МЕМСТ 8732-78 Д-76х5мм болат құбыр
Лоттың №	№ 1
Лоттың сипаттауы	Құбыр
Лоттың қысқаша сипаттауы	Болат
Саны, көлемі	500
Өлшем берлігі	Метр
Жеткізу орны	Маңғыстау облысы, Ақтау к-сы, 22 ш/а, «Каспий жылу,су арнасы» МКК қоймасы
Жеткізу мерзімі	Тапсырыс берушіден өтініш алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін	МЕМСТ 8732-78 Д-76х5мм болат құбыр

Приложение 2

Техническая спецификация закупаемых товаров (работ, услуг)

Наименование закупки	Труба стальная Д-76х5мм ГОСТ 8732-78
Номер лота	№ 1
Описание лота	Труба
Дополнительное описание лота	стальная
Количество	500
Единица измерения	Метр
Место поставки	Мангистауская область, г.Ақтау, 22 мкр., склад ГКП «Каспий жылу,су арнасы»
Срок поставки	В течение 1-го рабочего дня после получения заявки от заказчика
Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров	Труба стальная Д-76х5мм ГОСТ 8732-78

ГКП «КЖСА»



ТОО «Корпорация Ер-Қосай»

